От Джелалабада до границы с Пакистаном около 15 км. Дорогу от Пешавара до Кабула до сих пор называют «дорогой моджахедов». Это самый короткий и быстрый путь, по которому можно доставить грузы из одной столицы в другую. Поэтому на этом душманском пути и была поставлена бригада, которая первой принимала удары прорывающихся вглубь страны банд. От того, сколько караванов с оружием «раздолбает» бригада, зависело, насколько активны будут «духи» в центральных районах Афганистана!

За ратную службу Талгат Хасенов награжден нагрудными знаками «Воин-интернационалист», «Участник боевых действий», медалями «От благодарного афганского народа», «За боевые заслуги», юбилейными медалями в честь 20-летия и 25-летия вывода советских

войск из Афганистана, орденом «Отан қорғаушыға». После службы в армии обучался в Мичуринском сельхозтехникуме, работал механиком, инженером по ТБ, сварщиком на заводе имени Пархоменко. Уже по рекомендации заводского руководства поступил на службу в уголовный розыск Советского РОВД, заочно окончил Карагандинскую высшую школу МВД. С 1993-го по 2013-й годы работал в органах внутренних дел, был оперуполномоченным криминальной полиции в отделе по раскрытию убийств, а также в отделе по борьбе с организованной преступностью. Последняя должность — начальник спецприемника УВД для административно арестованных лиц. За успехи в работе и раскрытии тяжких преступлений неоднократно награждался почетными грамотами, знаком «Отличник МВД», медалями «За безупречную службу в МВД РК» трех степеней.

- Солдаты и офицеры, отслужившие в Афганистане, стали надежной опорой нашего общества. Они и сегодня с честью выполняют свой гражданский долг, вносят свой вклад в развитие Казахстана — ведут деятельность по поддержке своих боевых товарищей, занимаются патриотической работой и готовят молодое поколение защитников Отечества, - говорит он.



ПОМНИТЬ ВОЙНУ И БЕРЕЧЬ МИР

В рамках программы мероприятий, посвященных 35-й годовщине вывода советских войск из Афганистана, с солдатами срочной службы 5-й механизированной бригады имени Бауыржана Момышулы в Таразе встретились воины-интернационалисты. На встречу с военнослужащими пришли представители Союза ветеранов войны в Афганистане.

Дина МУХАРИНОВА,
Владимир МАРТЫНЕНКО (фото),
пресс-служба Таразского гарнизона

И хотя темой разговора стала война в Афганистане, воины-интернационалисты больше говорили о мире. О том, как важно его беречь, и какой он хрупкий. Увидев в свои 18 лет все ужасы войны, эти поседевшие воины помнят, как мечтали вернуться домой живыми, как мечтали о мирной жизни дома.

Нынешним солдатам срочной службы, военным служащим 5-й механизированной бригады, тоже сейчас по 18-19 лет — столько же было их гостям, когда они оказались на войне в Афганистане. По сути, эта встреча стала диалогом солдат двух поколений. Поколений с разницей почти в 40 лет. Но разделяет их не только возраст, но и условия, в которых проходила служба одних, и в которых служат нынешние солдаты.

«Цените мир в нашей стране! Цените войсковое товарищество!» — с такими призывами обратились к молодым солдатам воины-интернационалисты. Председатель Союза ветеранов войны в Афганистане



Дукенбай Ермеков подчеркнул, что именно армейская дружба и поддержка друзей-сослуживцев помогли им сохранять выдержку и самообладание на войне.

Заместитель командира 5-й механизированной бригады по воспитательной и идеологической работе подполковник Алтай Ташкеев, организовавший мероприятие, убежден, что состоявшаяся встреча с ветеранами войны не пройдет бесследно для солдат и обязательно останется в их памяти. А для многих она станет отправной точкой в принятии решения посвятить себя военной службе.

- Мы слушали рассказы воинов-афганцев о войне, и

словно сами там побывали, — поделился впечатлениями от встречи солдат мотострелкового батальона 5-й механизированной бригады рядовой срочной службы Асембек Тлеухан. — Я планирую после срочной службы поступать в военный институт. После сегодняшней встречи я еще больше утвердился в своем решении стать в будущем офицером.

Вот так рядовая встреча рядовых срочной службы стала настоящим уроком мужества, на котором одни солдаты вспоминали войну, а другие обещали беречь мир.

ХАТ-ХАБАР

АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ
ТОБЫНЫҢ ОҢТҮСТІКТЕГІ
ЖҰМЫСЫ

Түркістан облысының Кентау қаласы қорғаныс ведомствосы ақпараттық десантының «Егемен елдің ертеңі – айбынды жастар» акциясы аясындағы іс-шараларын өткізген соңғы елдімекені болды.



Қорғаныс министрлігінің ақпараттық-түсіндіру тобының жұмысы Түркістан облысының жергілікті әскери басқару органдарының басшылығымен тығыз байланыста өтті. Акцияға орта мектептердің, колледждердің және «Жас сарбаз» әскери-патриоттық сыныптарының оқушылары қатысты.

Кентауға келген астаналық офицерлер қала әкімі Жандос Тасовпен кездесу өткізді. Елордадан келген қонақтарды қарсы алған әкім қаладағы жастар ұйымдары, патриоттық клубтар мен үйірмелер жұмысының оңды дамып келе жатқанын ерекше атап өтті.

Жандос Қалмырзаұлы өскелең ұрпақты тәрбиелеуде жаңа технологияларды меңгеріп, отансүйгіштік сезімін оятуға мән беру керектігін, әскери-патриоттық үйірмелерде алған білімнің қай

салада болмасын пайдасы тиетінін айтты.

Одан кейін Әлия Молдағұлова атындағы №19 және Ю.Гагарин атындағы №16 орта мектептерінің 9-11-сынып оқушыларымен «Патриотизм – Қазақстанның өркендеуінің негізі» тақырыбында ерлік сабағы форматында кездесулер өтті. Қонақтар әскери қызметке шақыру тәртібі мен әскери оқу орындарына қабылдау талаптары туралы айтты. Сарбаздардың мерзімді әскери қызметін өтегеннен кейін алатын жеңілдіктеріне ерекше назар аударылды.

Мектеп оқушылары қонақтардың мазмұнды да тартымды сөздерін ерекше ықыласпен тыңдап, өздерін қызықтырған сұрақтарын қоя білді.

«Жас сарбаз» республикалық әскери-патриоттық қозғалысының төрағасы Мейірбек Меңдіғалиев жігіттердің күш-қуаты, жігері, шығармашылық әлеуеті зор екенін, оларды өмірдің басты мақсатына жетуге бағыттау керектігін атап өтті.

– Әр азаматтың қол жеткізген жетістіктерінен бүкіл елдің жетістіктері қалыптасады, – деп толықтырды Мейірбек Меңдіғалиев.

Шәмші Қалдаяқов атындағы қалалық мәдениет сарайында Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың 100 жылдығына арналған «Халық жүрегіндегі батыр» атты көшпелі көрменің қойылымы ұйымдастырылды.

Шара Қарулы Күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталығының шығармашылық ұжымы дайындаған мерекелік концертпен аяқталды. Отан туралы әндер, музыкалық композициялар мен би қойылымдары жас көрермендерге ерекше қуаныш сыйлады.

Шымкент гарнизонының баспасөз қызметі

«ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕГІ
ҚАҒАРМАН» АТТЫ
КӨШПЕЛІ КӨРМЕ

Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейінде еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, Армия генералы Нұрмағамбетов Сағадат Қожахметұлына 100 жыл толуын мерекелеу аясында «Халық жүрегіндегі қаһарман» атты көшпелі көрменің ашылуы өтті.



Көрмені Қарулы Күштердің Мемлекеттік әскери-тарихи музейі Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейімен бірлесіп ұйымдастырып отыр.

Іс-шара тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министріне құрмет көрсету, оның ерлігін үлгі ете отырып, өскелең ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің имиджін көтеру, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін насихаттау және мұражай ісін одан әрі дамытуға бағытталған.

Көрменің алғашқы қонақтары болып қалалық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы, Шымкент гарнизоны әскери полиция бөлімінің әскери қызметшілері, Қарулы Күштердің ардагерлері, интернационалист-жауынгерлер, әскери қақтығыс ардагерлері, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық

клубтарының тәрбиеленушілері және 35748 әскери бөлімінің әскери оркестрі қатысты.

«Халық жүрегіндегі қаһарман» көрмесі үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың өмір жолы, екіншісінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жауынгерлік жолына арналса, үшінші бөлімде оның Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі қызметін атқарған жылдары туралы айтылады.

Көрмеге Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің орталық мұражайы қорынан, сондай-ақ Сағадат Нұрмағамбетовтың жеке мұрағатынан алынған бірегей жәдігерлері қойылған. Экспонаттар арасында жеке заттарын, бұрын-соңды жарияланбаған фотосуреттерді, құжаттары мен марапаттарын көруге болады.

«Халық жүрегіндегі қаһарман» көрмесі Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейінде 2024 жылдың 28 ақпанына дейін болады, сондай-ақ бұл көрме еліміздің оннан астам қалаларын аралау жоспарланған.

ӨРШІЛ РУХТАН
ӨЛМЕС ЕРЛІК ТУАДЫ

Биыл Кеңес Одағының батыры Мұсабек Сеңгірбаевтың өмірге келгеніне – 110 жыл. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери-техникалық мектебінің Талдықорған қаласындағы филиалында арнайы еске алу шарасы өтті. Оған батырдың туыс-туғандары мен ауылдастары, Ауған соғысының ардагерлері, аталған әскери мектептің жауаптарымен тәлім алып жатқан жас сарбаздар және оқушылар қатысты.



«Жауынгерлік даңқ» мұражайына гүл шоқтарын қойудан басталған басқосуда сөз алған батырдың туған ауылындағы Мұсабек Сеңгірбаев атындағы орта мектептің еңбек сіңірген қарт ұстазы, зейнеткер Тілеуес Әбдікерімова құнды естеліктерімен бөлісті. Осы барыста аталған әскери мектептің директоры, запастағы подполковник Мекебек Жамауов өршіл рухтан өлмес ерлік туатынын тілге тиек етіп, батырдың соғыстағы ерен ерліктері жайында кеңінен тоқталып, шараға қатысушыларға ізгі тілегін жеткізді. Сөз кезегінде аймақтағы «Ауған соғысы ардагерлері» үйлестіру кеңесінің және «Жауынгерлік бауырластық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ержан Данабеков: «Мұсабек Сеңгірбаев атамның сол бір қиын-қыстау жылдары Мәскеуді қорғауда көрсеткен ерлігі ерен. Бүгінгі батырдың 110 жылдығына орай әскери-техникалық мектепте ұйымдастырылып жатқан шараның мәні де, маңызы да зор. Бұл елдің ертеңі саналатын жастардың бойындағы патриоттық сезімін оятып, ерік-жігер сыйлайды. Сондай-ақ, олардың бойындағы ұлттық рухын оятады. Сондықтан осындай батырларымыздың ерен ерліктерін кеңінен дәріптеп, жастарды отансүйгіш елжандылыққа баулу – біздің басты парызымыз», – деді.

Мұсабек Сеңгірбаев 1917 жылы 17 наурызда Жетісудың Көксу ауданы, Қызылжар ауылында дүниеге келген. Ауыл мектебінде білім алған ол алғашқы еңбек жолын ұжымшарда трактор жүргізушісі болып бастаған. Көп өтпей, 1941 жылы әскерге шақырылып, Кеңес әскері құрамынан екінші дүниежүзілік соғысқа аттанған. Сол жылдың 16 қарашасында Дубосеково темір жолы айырмасында танкіге қарсы шайқасын топтың құрамында жаудың бірнеше шабуылын тойтарып, 18 танкісін жоюға қатысқан. Бұл жолғы көзсіз ерлік 28-ші батыр-панфиловшылар ерлігі деген атпен тарих парағына жазылған. Мұсабек 1941 жылдың 16 қарашасында жаудың бетін қайтарып, Мәскеу облысы, Волоколам ауданы, Дубосеково деревнясында ерлікпен қаза тапқан. Марқұм Волоколам ауданы, Нелидово деревнясындағы бауырластар зиратына жерленген. КСРО жоғарғы кеңесінің Жарлығымен Кеңес Одағының батыры атағы, Ленин ордені және «Алтын Жұлдыз» медалімен марапатталған. Батырды еске алуға арналған шара соңы жас сарбаздардың концерттік бағдарламасына ұласты.

Айдын КӨЛІМХАН

ЕРЛІК САБАҒЫ

Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың 100 жылдығына орай 02352 әскери бөлімінің басшылығы Аягөз қаласындағы №3 мектептің жоғарғы сынып оқушыларымен сабақ өткізді.



Онда Сағадат Қожахметұлының өмірі мен шығармашылығы, Ұлы Отан соғысында жасаған ерліктері, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жылдары қорғаныс саласына сіңірген зор еңбегі туралы жан-жақты мағлұмат берілді. «Ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешкен заманда жауға қарсы шығып, елін, жерін қорғаған айбарлы да айбынды, ержүрек, қаһарман батырларымыз қаншама десеніңші?! Осындай батыр болмысты, қайсар рухты биік тұлғалардың бірі – Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, аты аңызға айналған даңқты қолбасшы, жазушы Сағадат Нұрмағамбетов атамның ерлігін Отан қорғаушыларға, өскелең ұрпаққа жеткізу – біздің міндетіміз. Ерлік сабағын ұйымдастырудағы мақсат: халқымыздың қаһарман ұлы Сағадат Нұрмағамбетовтың жауынгерлік жолы туралы сарбаздарға барынша жеткізу, елжандылық пен Отанын қорғай білуге тәрбиелеу. Батыр бабамыздың еңбектерін, ерліктерін оқыту арқылы ой-өрісін, білімін дамыту», – деді 02352 әскери бөлімі

командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары майор Рахатбек Адылбаев.

Ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, артына өшпес із қалдырған ердің ісін ұмытпаудың маңыздылығын болашақ Отан қорғаушылар жақсы түсінеді. «Сағадат атамның өмірі мен ерлігі – бізге әрдайым үлгі. Ол кісі туралы жазылған шығармаларды оқи отырып, өмірде ештеңеден қаймықпаған, әділ, бірекеткей, туған халқын шексіз сүйген адам екенін білеміз. Әрі Ерлік сабағын қызықты етіп ұйымдастырған әскери ағайларымызға алғыс білдіреміз», – деді 10 сынып оқушысы Айым Қабденова.

Алуа Искакова

ӘСКЕРИ БӨЛІМДЕ
АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ

Жетісу гарнизонындағы 48386 әскери бөлімінде Ашық есік күні ұйымдастырылып өткізілді.

Іс-шараға әскери қызметшілердің балалары, мектеп оқушылары және балалар үйінің тәрбиеленушілері келді.

Ашық есік Қазақстан Республикасының бірінші Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың және Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы, соғыстың соңғы нүктесін қойған батыр қазақ – Рахымжан Қошқарбаевтың 100 жылдық мерейлі мерейтойлары қарсаңына орайластырылып отыр.

Келушілер назарына әскери қару-жарақтың түр-түрі және әскери ұрыс техникалары да ұсынылды. Балалар әскери қару-жарақтарды тамашалап, артынан естелікке суретке түсіп, сарбаз асханасында түскі астан дәм татты.

Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында тиісті іс-шараларды іске асыру қажет. Ел өміріндегі осындай елеулі оқиғалар жас ұрпақты нағыз патриоттыққа тәрбиелейді делінген.

Ұйымдастырылған шарада балалар әскери өмірді көріп, арнайы әскери киім үлгілерімен, әскери техника

және қару-жарақ түрлерімен танысты. Әскери бөлім командирінің тәрбие жөніндегі орынбасары подполковник Владимир Ульянов әскери өмір мен тәртіп туралы, сондай-ақ әскери қызметтің, жауынгерлік және оқу-жауынгерлік тапсырмалардың өту тәртібі туралы айтты берді.

Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру жастардың өз елі мен Отанын сүюге үйрететін, оларды адалдыққа тәрбиелеудегі басым бағыттардың бірі болып табылады. – Мұндай таныстыру шараларын өткізу өскелең ұрпақтың бойына патриоттық рухты қалыптастыруға, адамгершілікке тәрбиелеуге зор ықпалын тигізеді, – деді бөлім командирі подполковник Мерген Нұрбаев.

Жастар мен оқушылар әскери қызметшілерге қонақжайлықтары мен жылы қабылдаулары үшін алғыстарын айтып, тілектерін білдірді.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі



КАЛЕЙДОСКОП

ТРЕПЕТНО ХРАНЯ ИСТОРИЮ И ТРАДИЦИИ ЧАСТИ

Круглую дату – 30-летие со дня образования отметил полк связи регионального командования «Юг». Чтобы выразить слова благодарности за вклад в создание, развитие и укрепление воинской части, командир полка пригласил в Тараз всех предыдущих командиров воинской части. И они с радостью откликнулись. Каждому из них было что рассказать молодым связистам.

В период становления Вооруженных Сил Казахстана страна столкнулась с очень большими трудностями в укомплектовании кадрами. Прежде всего, не хватало офицеров, прапорщиков и военнослужащих по контракту. Необходимо было в кратчайшие сроки структурировать контур ВС РК, отделив его от единой системы Вооруженных сил СССР, частью которой был и Казахстан.

Первым командиром в/ч 28903 был назначен Владимир Николаевич Шихалев – человек с большой буквы, патриот, воин-интернационалист, специалист своего дела. Профессиональные навыки Владимира Николаевича помогли справиться со всеми трудностями того времени и организовать соответствующую работу в полном объеме.

– Я был откомандирован в конце 1993 года в штаб тыла по распоряжению начальника тыла МО РК для формирования в/ч 28903 как отдельной части связи для организации управления и связи, создания УС ТЛУ МО РК, – вспоминает полковник запаса Владимир Шихалев. – Это и было началом формирования и создания войсковой части 28903 в поселке Бурундай на территории военной школы поваров МО РК. Эта дата – 4 февраля 1994 года – и стала днем образования нашей воинской части.

Вторым командиром был назначен Мейрам Ордалылы. Как раз тогда на фоне напряженной обстановки в Центрально-Азиатском регионе на южных рубежах нашей страны была создана отдельная группировка войск – Южный военный округ. Под руководством Мейрама Хамзина воинская часть

получила статус полка и была передислоцирована двумя этапами из города Алматы в Тараз.

– В январе 2000 года на основании директивы МО РК был создан отдельный полк связи Южного военного округа, – рассказывает полковник запаса Мейрам Хамзин. – Для комплектования полка личным составом и техникой, мы с группой офицеров и военнослужащих по контракту приступили к комплектованию.

Эстафету командования частью принял подполковник Болат Амангелдиевич Сатылганов. Годы его руководства подразделением регионального командования «Юг» были сопряжены с внедрением и адаптацией войск связи в боевые подразделения, непрерывным и качественным управлением войск на поле боя.

– Я пришел в хороший слаженный коллектив, который занимал достойное место в составе регионального командования «Юг» во много благодаря предыдущим командирам, – подчеркивает заслуги предшественников Болат Сатылганов. – Мы тоже старались занимать первые места, участвовали во всех мероприятиях, которые проводил командующий войсками регионального командования «Юг». Всегда у нас присутствовал боевой дух, который здорово сплачивал наш воинский коллектив.

Полковник Алексей Кабланович Калижанов принял руководство частью в 2007 году. В тот период состоялась структурная реорганизация в/ч 28903. Была образована бригада связи, в состав которой вошел стационарный узел связи регионального командования, и создан батальон обеспечения, который стал пятым батальоном при имевшихся четырех батальонах связи.



– Я принял воинскую часть полком, потом мы формировали бригаду. Это была общая коллективная работа, не только моя, как командира, и мне было на кого опереться, – вспоминает полковник запаса Алексей Калижанов. – Штаб был развернут для специальной части, которая была автономной, мобильной и могла выполнять любые задачи в кратчайшие сроки.

В период руководства следующего командира Мадемарова Асета Асылбековича немало усилий и внимания было уделено обучению специалистов, совершенствованию учебно-материальной базы.

– Укомплектованность личным составом и материальными средствами была на должном уровне, – делится воспоминаниями полковник Асет Мадемаров. – Нас переполняла гордость, что авторитет военных связистов был на высоком уровне. В Таразском гарнизоне считалось престижным проходить службу по контракту именно в полку связи.

Период руководства частью полковником Арманом Асатовичем Чокаевым совпал с такими событиями, как взрывы на складах боеприпасов в Арыси и в Байзакском районе Жамбылской области, период пандемии, когда от воинских частей выделялись команды для проведения дезинфекции объектов города и области. На тот же период пришлось январские события. Полковник Арман Чокаев мужественно справился с выполнением задач, и умело руководил личным составом. Несомненно, начало такому успеху было заложено с самого начала создания воинской части. В этом заслуга первых и

последующих командиров. Все стремились держать эту высокую планку.

– Наш полк связи всегда был и остается в авангарде, – с гордостью о воинской части рассказывает полковник Арман Чокаев. – На постоянной основе часть занимала лидирующие места в боевых состязаниях, как в масштабе Сухопутных войск, так и на уровне Вооруженных Сил.

Нынешним командиром полка связи является полковник Сымбат Туякаев. С назначением на эту должность ему не нужно было знакомиться с воинской частью и ее личным составом, потому что до назначения он был начальником штаба полка, и с жизнедеятельностью части был хорошо знаком.

Именно полковник Сымбат Туякаев на 30-летие воинской части собрал в одном зале всех командиров полка связи. Торжественное собрание, посвященное юбилею части, стало своеобразным вечером воспоминаний.

Гости торжества, ветераны части вспоминали и о сложных годах развития и становления части. Но с гордостью все отмечали, что любые задачи, которые ставило руководство, военнослужащие полка выполняли качественно и в полном объеме. И управление командующего войсками регионального командования «Юг» всегда было обеспечено всеми видами связи для организации управления войсками.

– Мы трепетно храним историю и традиции нашей воинской части, потому что только так сохраняется преемственность поколений, – подчеркивает командир полка связи РгК «Юг» полковник Сымбат Туякаев. – Мы стремимся занимать лидирующие позиции в боевых состязаниях, и благодаря профессионализму наших военнослужащих нам это удается. Этим мы показываем предыдущим командирам и всем, кто служил здесь раньше, что начатое ими дело продолжается, а мы равняемся на них.

В рамках празднования 30-летия воинской части прошла военизированная эстафета, в ходе которой связисты соревновались в своем профессиональном мастерстве. Также состоялся турнир по мини-футболу. В нем приняли участие команды воинских частей Таразского гарнизона, а также командиры полка связи и ветераны Вооруженных Сил.

Содержательная программа празднования юбилея части укрепила гордость военнослужащих за свой полк, его историю и за всех тех, кто когда-то служил и продолжает служить в одной из лучших частей связи Сухопутных войск Казахстана.

Денис ШЕПЕЛЬ,
военнослужащий в/ч 28903

НА КУБОК ВОИНОВ-ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТОВ

В преддверии 35-ой годовщины вывода советских войск из Афганистана учащиеся общеобразовательных школ Караганды традиционно приняли участие в XVIII соревнованиях по стрельбе из пневматических винтовок на Кубок воинов-интернационалистов.

– В ходе боевых действий на территории Афганистана наши солдаты продемонстрировали бесстрашие, стойкость, высокое боевое мастерство и верность воинскому товариществу. Уважаемые участники, желаю вам на примере воинов-интернационалистов сохранить высокое чувство патриотизма и показать свою готовность к защите Родины, – с напутственным словом выступил полковник Канат Абиляханов, помощник акима Карагандинской области по вопросам военной безопасности и обороны.

По регламенту соревнований ученикам предстояло сделать по пять выстрелов из трех положений – стоя, с колена и лежа. Задача усложнялась тем, что поразить надо было три мишени, которые находились на разных уровнях.

Среди 54-ех школ, принявших участие в соревнованиях, показали лучшие результаты и стали обладателями Кубка учащиеся общеобразовательной школы имени Бауыржана Момышулы. Второе место завоевали ученики гимназии имени Каныша Сатпаева, третье место заняли участники от школы-лицея №953.

Ученик ОШ имени Б. Момышулы Арыстан Джиенов набрал наибольшую сумму баллов и стал победителем в личном зачете.

– По итогам стрельбы я набрал 116 баллов, это мой личный рекорд и лучший показатель на соревнованиях. Конечно же, я очень горд, что наша команда одержала победу, и мы выиграли Кубок



воинов-интернационалистов. Наша школа носит имя участника Великой отечественной войны, Героя Советского Союза Бауыржана Момышулы. Соответственно, и воспитывают в нас героев и патриотов. Думаю, это и помогло нам стать лучшими, – сказал он.

Алмагуль ДАРМАНКУЛОВА (фото)

ДИАЛОГ ПОКОЛЕНИЙ

В преддверии 35-ой годовщины вывода войск из Афганистана военнослужащие с детьми и солдаты срочной службы войсковой части 01731 посетили зал Славы Женис парка г. Тараза, приняли участие в конференции с ветеранами войны в Афганистане и возложили цветы к памятнику воинам-интернационалистам.

Дети встретились с заместителем председателя Союза Общественного Объединения воинов-интернационалистов Төртбаевым Маратом Асылбекұлы, он поделился воспоминаниями о своей службе в Афганистане. Дети военнослужащих с интересом рассматривали экспонаты выставки и фотографии.

Мероприятия такого характера очень важны для воспитания в подрастающем поколении патриотизма и любви к Родине.



ПОРЯДОК В СЕМЬЕ И НА СЛУЖБЕ

В боевом состязании за звание лучших соревнуются не только военнослужащие, но и их жены. В Таразе по инициативе Женсовета воинской части в 5-й механизированной бригаде Регионального командования «Юг» состоялся конкурс среди жен военнослужащих «Жаны жайсаң - жауынгер жары». В борьбу за титул победительницы вступили однадцать девушек. Главными зрителями состязаний стали их мужья, которые несут службу в 5-й механизированной бригаде, а также дети военнослужащих.

Дина МУХАРИНОВА,
Владимир МАРТЫНЕНКО (фото),
пресс-служба Таразского гарнизона

Пятая механизированная бригада имени Бауыржана Момышулы является одним из самых крупных соединений Регионального командования «Юг». Его подразделения дислоцированы не только в Таразе, но также в районах Жамбылской области. Поэтому в конкурсе, помимо жительниц Тараза, приняли участие конкурсантки из Меркенского района и района Турара Рыскулова.

– Нас порадовало, что супруги военнослужащих нашей бригады живо откликнулись на предложение провести конкурс «Жаны жайсаң - жауынгер жары» и принять в нем участие. Уговаривать никого не пришлось, – рассказывает руководитель Женсовета, супруга командира части Мадина Кундузбаева. – Мы увидели, с каким энтузиазмом женщины приступили к подготовке к конкурсу, проявили активность. И сразу стало понятно, что мероприятие пройдет в хорошей атмосфере.

Благодаря взаимодействию воинской части местными органами управления, для проведения конкурса был предоставлен городской дом культуры, зрительный зал которого смог вместить большое количество зрителей, а сцена – всех участниц.

На первом этапе конкурса состоялось знакомство с участницами конкурса: каждая рассказала о себе, о своей семье, о военной службе мужа. Стоит отметить, что военнослужащие, прибывшие на новое место службы, так же представляются перед строем, рассказывая кратко о себе. Так что в этом жюри военнослужащих последовали военным традициям.

В качестве домашнего задания стало приготовление любимого всей семьей блюда. В этом конкурсе участницам накануне помогли мужья, снимая дома кулинарный процесс на видео. Конкурсанткам предстояло прокомментировать процесс приготовления, заодно делясь рецептом.

Также жены военнослужащих соревновались в навыках пришивания подворотничков к военной форме своих супругов, отвечали на вопросы викторины, блистая эрудицией и смекалкой. В заключительном этапе конкурса его участницам предстояло продемонстрировать свои творческие таланты: супруги военнослужащих пели, танцевали и читали стихи. Поддерживаемые

аплодисментами зрителей, каждая конкурсантка раскрылась как творческая личность, восхитив и своих супругов, и их сослуживцев.

– Конкурс, который организовал наш Женсовет, сплотил членов семей военнослужащих, он подарил нам всем много положительных эмоций, – отметил командир 5-й механизированной бригады подполковник Жаныбек Куранбеков. – Мероприятие показало, какой у нас дружный коллектив, и что жены наших военнослужащих, действительно, верные подруги и спутницы жизни, готовые отстаивать интересы семьи.

Для объективного оценивания выступлений конкурсантов состав жюри был сформирован из гостей: представителей городского акимата, общественных организаций. Также в состав жюри вошли представители Службы по работе с членами семей военнослужащих Регионального командования «Юг». Возглавила работу жюри директор центра духовно-нравственного воспитания «Анага тағзым» Эльмира Мырза-Фали.

– Это очень хорошее мероприятие, его организаторы подчеркнули, насколько важна роль женщины в жизни общества, – отметила Эльмира Мырза-Фали. – В нашем центре «Анага тағзым» есть галерея «Алқа», посвященная матери. Там вывешены портреты женщин, которые родили чемпионов, композиторов, писателей. Мы уверены, что участницы конкурса уже сейчас воспитывают в своих семьях будущих выдающихся личностей страны.

По итогам конкурса жен военнослужащих Гран-при завоевала Галия Омарова, супруга сержанта Алмаса Кальбаева. Первое место заняла супруга майора Каныша Еркебекова – Айжан Актаева. Второе место досталось Гульну Тойшан, супруге сержанта Мейржана Исакулова. Третье место разделили Айнура Ануарбекова, супруга старшего лейтенанта Данабека Ануарбекова, и Қазына Кошенова, жена сержанта Махата Турсынбаева.

Также были отмечены и другие участницы конкурса: за артистизм, за лучший костюм, за эрудицию и остроумие.

– Но самое главное – мы высоко оценили готовность жен военнослужащих принимать активное участие в жизни бригады, – подчеркнула руководитель службы по работе с членами семей военнослужащих Мадина Кундузбаева. – Поддерживая своих супругов дома, жены военнослужащих обеспечивают здоровый климат в семьях и бодрый настрой своих спутников жизни. Когда дома хорошая атмосфера, то и на службе будет полный порядок!

УРОК МУЖЕСТВА С ПОДРАСТАЮЩИМ ПОКОЛЕНИЕМ

В полку материального обеспечения Десантно-штурмовых войск состоялся день открытых дверей. Воинскую часть посетили свыше 50 детей из трех школ города Алматы и 24-го лицея Илийского района.

Экскурсия по части началась с посещения актового зала, где с подрастающим поколением провели урок мужества. Десантники рассказали школьникам о жизни и подвигах первого министра обороны независимого Казахстана генерала армии Сағадата Нурмағамбетова, столетие которого будет отмечаться 25 мая текущего года. Мальчикам, как будущим солдатам, была интересна информация о льготах для военнослужащих срочной службы, посредством которых государство поднимет престиж и значимость воинского долга. Привилегии затрагивают поступление лучших военнослужащих в высшие учебные заведения без сдачи ЕНТ на безвозмездной основе и «кредитные каникулы» на период прохождения срочной воинской службы.

Подросткам продемонстрировали учебные точки, где были развернуты полевой хлебозавод, где школьникам угостили свежеспеченным хлебом, командно-штабная машина и полевой заправочный пункт, а также образцы стрелкового оружия части.

В завершение экскурсии заместитель командира воинской части по воспитательной и идеологической работе майор Жанибек Жумадуллаев организовал среди школьников соревнования по сборке и разборке автомата Калашникова. Победителем в них стала Морозова Арина – ученица школы №932.

– Военно-патриотическое воспитание – важная часть нашей службы. Завтра дети, которые сейчас приходят к нам на экскурсию, придут служить в войска. Мы как организаторы Дня открытых дверей преследуем такие цели: формирование у молодежи высокого патриотического сознания, чувства гордости за свое Отечество, воспитание готовности к выполнению гражданского долга и конституционных обязанностей по защите интересов Родины. Посещая воинские части Десантно-штурмовых войск, будущие призывники имеют возможность ознакомиться с условиями армейской жизни, побеседовать с командованием части и узнать для себя много интересного о жизни военнослужащих, – рассказал заместитель командира воинской части 12881 по воспитательной и идеологической работе майор Жанибек Жумадуллаев.

Уже на контрольно-пропускном пункте части, пройдя с организаторами мероприятия, которыми выступали служба по работе с членами семей военнослужащих полка материального обеспечения, возглавляемая Даригой Рахимовой, школьники попросили устраивать подобные экскурсии чаще, а еще выразили желание посетить учебный полигон Десантно-штурмовых войск.



ИІРІМ

ӘСКЕРИЛЕР ПРЕЗИДЕНТТІК
КӨПСАЙЫСТАН СЫНҒА
ТҮСТІ

Абай гарнизонында әскери қызметшілер арасында президенттік көпсайыстан жарыстар өтті. Сайыс әскери-қолданбалы спорт түрінен «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының XXI спартакиадасы аясында ұйымдастырылды.

Аталмыш чемпионатқа Абай, Өскемен, Аягөз, Павлодар және Үшарал гарнизондарының әскери қызметшілері қатысты. «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының кубогы үшін өткен тартысты сайысқа 50-ге жуық спортшы қатысып бағын сынады. Сайыс жеңімпаздары алдағы уақытта өтетін Қарулы Күштерінің чемпионатында бақ сынап, өңірдің намысын қорғамақ.

Екі күнге созылған жарыста әскери қызметшілер пневматикалық мылтықтан оқ атудан, шаңғы жарысынан және күштік жаттығулар жасаудан бақтарын сынады. Ерлер белтемірге тартылып, әйелдер пресс жасады. Жарыс жас санаттарына қарай өткізілді.

Президенттік көпсайыс қорытындысы бойынша, жалпыкомандалық есепте 28738 әскери бөлімінің командасы үздік деп танылса, екінші орын 36803 әскери бөлімінің өкілдеріне, ал үшінші орын 44793 әскери бөлімінің спортшыларына бұйырды.

Спортшыларды «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы полковник Жеңіс Маралов құттықтап, осындай іс-шаралардың маңыздылығын атап өтті. Спортшыларға алдағы жарыстарға жарқын жеңістер тіледі.

Командалық және жеке есепте чемпионаттың жеңімпаздары мен жүлдегерлері кубоктармен, медальдармен және грамоталармен марапатталды.

«ЖАС САРБАЗ» ӘСКЕРИ-
СПОРТТЫҚ ОЙЫНЫ

Талдықорған Білім-инновация лицей-интернатында Бауыржан Момышұлының туғанына 114 жыл толуына орай «Жас сарбаз» әскери-спорттық ойыны өтті.



«Жас сарбаз» әскери-спорттық ойынына 9-10-сынып оқушылары арасынан төрт команда қатысты. Әскери-спорттық ойын бес кезеңнен құралды. Бірінші – АК-74 автоматтың жартылай бөлшектеу және жинау, екінші – жалпыәскери қорғаныш толығын кию, үшінші – өз денесін жерден көтеру, төртінші – команданың өз өнерлері және бесінші – Бауыржан Момышұлы туралы газет шығарып, оны қорғау.

Әскери-спорттық ойынына төрешілер тағайындалды. Олар: Назарбаев зияткерлік мектебінің алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Айтбақан Қуанышбаев, Талдықорған Білім-инновация лицейінің алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Дархан Байсалбаев және Талдықорған Білім-инновация лицейінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қасымжан Кеңесбаев.

Жарыс өте тартысты және қызықты өтті. Ойын қорытындысы бойынша 10 «А» сыныбы 1-орынға, 10 «Б» сыныбы 2-орынға ал, 9 «А» сыныбы 3-орынға ие болды. Жеңімпаз командаларға дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталса ал, спорттық ойынға қатысқан командаларға ынталандыру сыйлықтары салтанатты түрде табыс етілді.

– Бүгінгі өткізілген іс-шара – біздің оқушыларымыз үшін өте маңызды. Кездесудің мақсаты – өскелең ұрпақты отансүйіштікке рухта тәрбиелеу, Отанға деген мақтанш сезімін қалыптастыру, оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру, – дейді алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Дархан Байсалбаев.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ –
БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Абай гарнизонының әскери қызметшілеріне жол жүру ережелері мен қауіпсіздігін сақтауды түсіндіруге арналған жиын өтті. Әскери автомобильдік полиция бөлімшесінің бастамасымен ұйымдастырылған басқосуда қызметтік және жеке автокөліктермен орын алатын жол-көлік оқиғалары мен әкімшілік құқық бұзушылық мәселелері талқыланды.

Іс-шараға гарнизонның әскери бөлім командирлерінің орынбасарлары, автокөлік қызметінің бастықтары, бөлім және батальон сержанттары, әскери полиция басқармасының бөлім бастықтары, сонымен қатар, қаланың наркологиялық орталығы мен полиция басқармасы қызметкерлері қатысты.

Жиынды ашқан Абай өңірлік гарнизоны әскери полиция басқармасының әскери полиция бөлімінің бастығы подполковник Арнұр Сейсеновтің айтуынша, аталған шара 2022-2024 жылдарға арналған ведомстволық бағдарламасын іске асыру және құқық бұзушылықтың алдын алу жоспары негізінде өткізіліп отыр. Оның пайымдауынша, әскери қызметшілерге салауатты өмір салтын насихаттау, маскүнемдікті, есірткі және улы заттарды пайдаланудың сағдарын ескерту өте маңызды.

Аталған іс-шара мақсаты әскери қызметшілердің қоғамдық орындарда ішімдік ішу, ішімдік ішіп көлік жүргізу, ұсақ бузақылық жасау, жаяу жүргіншілер мен автокөлігі бар тұлғалардың жол жүру ережесін бұзу фактілерін алдын алу болып табылады, – дейді әскери полиция бөлімінің бастығы подполковник Арнұр Сейсенов.

Келесіде полиция қызметкерлері өздерінің бағыттары бойынша ақпараттарын жеткізіп, ішімдік пен нашарлықтың зияны жөнінде және «Европротокол» арнайы мобильдік қосымшасын түсіндіріп берді. Семей қаласы ІІБ әкімшілік полиция бөлімінің бастығы полиция майоры Ержан Ақбаев ағымдағы жылдан бастап ұсақ жол-көлік оқиғасы кезінде жүргізушілер сақтандыру жағдайын полиция мен соттың қатысуынсыз оңайлатылған тәртіппен рәсімдей алатынын, ол

үшін арнайы «Европротокол» мобильдік қосымшасы әзірленгенін баяндады.

Ал аталған полиция бөлімінің аға инспекторы, полиция майоры Асхат Оразғалиев, енді ұсақ жол-көлік оқиғаларының себепшісі әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды дейді. Оның айтуынша, жүргізушілер тәртіп сақшыларын шақырмай-ақ, заң бұзушылықты тіркей алады. Қатысушылар өзара келісіп, қосымша арқылы онлайн хаттама толтырады. Бұл өзгеріс тәртіп сақшылары мен жүргізушілердің жұмысын жеңілдету мақсатында қабылданып отыр.

Семей қаласының наркология орталығының нарколог дәрігері Елена Риндия әлемді жайлаған нашақорлық дертінің артып бара жатқанын, өкініштісі, әсіресе, жастар арасында есірткі және психотроптық заттарды пайдалану көбейгенін атап өтті. Ол ішімдік ішіп, зиянды заттарды пайдалану көлік басқару тіптен қылмыс болып саналатынын жеткізді.

– Нашақорлық – қоғам дерті. Онымен күресуде жалғыз адамның күші келмейді. Бұл жерде заң өкілдері, нарколог мамандар, ата-аналар, тіпті еліміздің әрбір азаматы күресуі керек. Нашақорлыққа қарсы күрес жүргізу, оның алдын алу – біздің қолымызда, – деді.

Жиынды әскери автомобильдік полиция бөлімінің бастығы полковник Сергей Капчук қорытындылады. Кездесу соңында әскери қызметшілер өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, заң аясында тиісті жауаптарын алды.


Абай өңірлік гарнизонының баспасөз қызметі

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫМЕН
КЕЗДЕСУ

Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рақымов атындағы Шымкент республикалық «Жас ұлан» мектебінің акт залында әскери қызметшілер мен жеке құрам Астанада жастар және жасөспірімдер арасында бокстан Азия чемпионатының күміс жүлдегері Нұрасыл Төлебекпен мотивациялық кездесу кеші өтті.

Іс-шараны мектеп бастығының орынбасары – тәрбие және идеологиялық жұмыстар басқармасының бастығы подполковник Б.Жайсанбаев ашып, Ереван қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы бокстан Әлем чемпионаты атанған Нұрасыл Төлебекті жеке құрамға таныстырды.

Кездесу барысында ұландар қызықты сұхбат жүргізіп, көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап алды. Сөз кезегінде, Нұрасыл Төлебек мектеп тәрбиенушілерінің өзімен жасты екенін тілге тиек етіп, 24 қараша мен 4 желтоқсан арасында Арменияның астанасы Ереванда жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында 54 келі салмақта сынға түсіп, финалда үндістандық Жатин Жатинді 4:1 есебімен тұғыры биік жеңіс жолында қарсыласын айқын басымдықпен жеңіп, еліміздің туы биікке көтеріліп, Қазақстанның Әнұраны шырқалғанын мақтанышпен айтты. Сонымен қатар, кез



жастарымыз көп болмай.

Шымкент республикалық «Жас ұлан» мектебінің қызметкері Айкен Оспанқұлова

келген спортшы биік дәрежеге жетуі үшін ең алдымен бойында тәрбие, білім, еңбекқорлық, қайсарлық және патриоттық намыс сынды ұлы қасиеттер болу керектігін және еліне, жеріне қызмет ету адалдықтан екенін ұландарға жеткізді. «Бойларыңда осындай асыл қасиеттер болса, чемпион да, генерал да болдым дей беріңдер, – дей келе, – Мінезді болу да – қиындыққа мойымай жеңіске жетелейтін құрал», – деп сөзін аяқтады. Ұландармен болған 1-2 сағаттық чемпионның кездесуі, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа, яғни, мектеп тәрбиеленушілеріне жарқын әсер қалдырды.

Кездесу соңында әскери қызметшілер мен жеке құрам Әлем чемпионатымен естелікке фотоға түсті. Елімізді, жерімізді қорғайтын патриот

СПОРТПЕН КӘСІБИ ТҮРДЕ
АЙНАЛЫСУҒА БЕЛ БУДЫ

Әуе қорғанысы күштері ұлттық құрама командасының құрамында Павлодар облысынан шақырылған Саран қаласындағы 44803 әскери бөлімінің мерзімді сарбазы Әли Болатбекұлы ҚР Қарулы Күштерінің үстел теннисінен XXI Спартакиада Қазақстан Республикасы чемпионатында бірінші орынды иеленді.



Жарысқа Қарулы Күштер мен бөлімшелерінің 14 командасының құрамында 28 ер және 13 әйел қатысты. Жарыстар олимпиадалық жүйе бойынша өткізілді.

Әли Болатбекұлы бала күнінен үстел теннисімен айналысады, аталмыш спорт түрін оған атасы мен әжесі үйреткен:

– Менің атам үстел теннисінен КСРО спорт шеберіне кандидат болған. Балалық шағымда үйде теннис ойнадық, кейін мектептегі және студенттік жылдарымда, қайда барсам да, теннис үстелі мен теннис жанкүйерлері болатын. Әскери бөлім алдағы турнир туралы айта бастағанда мен қатысуға қуана келістім. Барлық іріктеу кезеңдерінен қиындықсыз өттім, содан кейін Астанада өткен үлкен чемпионатта мен командаммен бірінші орын алды. Республикалық жарыстардағы алтын – мен үшін өте маңызды жеңіс. Әскердегі қызметімнің арқасында жаңа деңгейге көтерілдім, енді үстел теннисімен кәсіби түрде айналысып, сүйікті атамды еске алып, спорт шеберіне кандидат атануды жоспарлап отырмын.

АРМИЯДА ҚЫЛМЫСҚА
ОРЫН ЖОҚ!

Жуырда Үштөбе гарнизонындағы әскери бөлімдердің бірінде «Армияда қылмысқа орын жоқ!» тақырыбында профилактикалық іс-шара ұйымдастырылып өткізілді.

Оған Жетісу гарнизоны Әскери полиция бөлімінің алдын алу бөлімшесінің бастығы әділет майоры Нұрбол Зейтинов, Талдықорған гарнизонының әскери прокуратурасының аға прокуроры әділет аға лейтенанты Вячеслав Ким және Талдықорған бөлімінің Оңтүстік өңірлік әскери-тергеу басқармасының аға жедел уәкілі әділет майоры Руслан Долгополов келді.

Шараның басты мақсаты әскери қызметшілердің санасына жемқорлыққа нәндік төзімділік қағидасын сіңіру, сыбайлас жемқорлықты ескертудің жаңа әдістері мен тәсілдері, қару-жарақ пен оқ-дәрілер ұрлау қылмыс, сондай-ақ оларға ықпал ететін себептер мен

жағдайларды анықтау және жою болып табылады.

– Бірлескен жұмыстың басты назары әскери ортада құқық бұзушылықтарды алдын алуға, оларды мүлдем жоюға бағытталған. Осындай игі іс-шаралар әскерде қылмыстылықты азайтуға және оларды алдын алуға бірқатар септігін тигізеді, – деді Әскери полиция бөлімінің алдын алу бөлімшесінің бастығы әділет майоры Нұрбол Зейтинов.

Кездесу барысында жеке құрамның қойған сұрақтарына қонақтар толық жауаптарын қайтарып түсіндіріп берді.



SARBAZ



ҚР Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша шығады

Шығарушы редакторлар
Тимур АУБАКИРОВ
Ерлібай ҚАДЫРБАЙ

Тілшілер:
Рима ӘБЕУОВА
Наргиз МУКАТАЕВА
Нариман ДЮСЕНОВ

«Шығыс» Өңк аймақтық тілші
Алуа ИСКАКОВА

«Астана» Өңк аймақтық тілші
Фархат КИНЖИТАЕВ

Меншік иесі:
«ГИС Әскери Медиа» ЖШС

Дизайнер
Адил ШЕРИМБЕТОВ

Корректорлар
Сымбат НҰРХАЙДАРОВА
Наталья ВАРНАВСКАЯ

Газет «Сарбаз» деген атаумен 2007 жылдың 2-тамызынан бастап шығады.

ҚР Инвестициялар және даму министрлігінде 2015 жылдың 30-сәуірінде тіркелген, куәлігі №5340-Г

Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасымен әрқыз сәйкес келе бермейді. Қолжазба мен фотосурет рецензияланбайды және кері қайтарылмайды.

Редакция автор материалын мазмұнын сақтай отырып өңдеуге, қысқартуға құқылы. Газет жұма күні шығады. Бағасы келісімді.

Редакцияның мекенжайы: ҚР, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана көшесі, 11 үй.

Вебсайт: www.sarbaz.kz
Тел/факс: 8 702 712 36 70
E-mail: INFO@SARBAZ.KZ

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылып шығады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223-Б

Көлемі 3 б. т. Офсеттік басылым. Индекс 604204
Таралымы 1485 дана
Тапсырыс №6